

Бекітетін
ЖІІС Жетібалабақша «Ақниет»
«Ақниет» жетек бөбекжай-балабақша
менгерушісі: Т.К. Мухамбеткалиева

Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Отырыс тақырыбы	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	- Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту, жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. - Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. - Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру.	Қыркүйек 2024 жыл	Менгеруші, кеңес төрағасы
2	- Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстарын ұйымдастыру. - Балалардың тамақтану сапасы мен санитарлық жағдайын бақылау. - Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары туралы.	Желтоқсан 2024 жыл	Менгеруші, Қамқоршылық кеңес төрағасы, кеңес мүшелері, Медбике, шаруашылық меңгерушісі
3	- Білім береу процесінің сапасы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы. - Бөбекжай аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру. - Жазғы сауықтыру маусымына дайындық мәселелері. - Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы, меңгеруші есебі.	Мамыр 2025 жыл	Менгеруші, қамқоршылық кеңес төрағасы, Қамқоршылық кеңес мүшелері

ХАТТАМА №1

«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өтілген күні: 10.09.2024 жыл

Қатысқандар:

Бөбекжай меңгерушісі: Г.К.Мухамбеткалиева

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Н.К.Атанбузова

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

А.Р.Рахимов

Ө.Н.Тлегенов

А.Н.Жумагалиева

А.Ж.Жеңісова

Ж.Е.Жумагалиева

М.А.Избасарова

Э.Б.Мамешова

Б.Б.Жаксымбетова

С.А.Кушенова

Г.М.Ажмуратова

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту, жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру.

I. Тыңдалды:

Г.К.Мухамбеткалиева (бөбекжай меңгерушісі): 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы ұсыныс енгізді. Қамқоршылық кеңестің ата-аналар қауымы мен бөбекжай арасындағы байланысты нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастырудағы маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары таныстырылып, талқылауға ұсынылды.

Сөз алғандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ұсынылған құрам мен жұмыс жоспарын қарап, оқу жылы барысында жоспарлы жұмыстарды жүйелі жүргізу туралы пікірлерін білдірді.

Шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Жоспарға сәйкес жұмыстар уақытылы жүргізілсін.

II. Тыңдалды:

Г.К.Мухамбеткалиева (бөбекжай меңгерушісі): Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. Топ бөлмелерінің, ас блогының, аула аумағының санитарлық жағдайы, жылу жүйесінің дайындығы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы таныстырды.

Сөз алғандар: Кеңес мүшелері балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтты.

Шешімі:

1. Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты бақылауға алынсын.
3. Санитарлық және қауіпсіздік талаптарын сақтау күшейтілсін.

III. Тыңдалды:

К.Н.Иманғалиева (педагог-психолог): Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру туралы хабарлама жасады. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың тізімі нақтыланып, оларға материалдық және әлеуметтік қолдау көрсету, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру қажеттігі туралы өз пікірін ұсынды.

Сөз алғандар: Кеңес мүшелері әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жұмыстарын жүйелі жүргізуді, акция ұйымдастыруды ұсынды.

Шешімі:

1. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізілсін.
2. Қажетті әлеуметтік көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Қайырымдылық және қолдау шаралары оқу жылы бойы жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Н.К.Атанбузова

Хатшы:



В.Д.Жалмухан

ХАТТАМА №2

«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өтілген күні: 15.12.2024 жыл

Қатысқандар:

Бөбекжай меңгерушісі: Г.К.Мухамбеткалиева

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Н.К.Атанбузова

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

А.Р.Рахимов

Ә.Н.Тлегенов

А.Н.Жумағалиева

А.Ж.Жеңісова

Ж.Е.Жумағалиева

М.А.Избасарова

Э.Б.Мамешова

Б.Б.Жаксымбетова

С.А.Кушенова

Г.М.Ажмуратова

Күн тәртібі:

1. Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Балалардың тамақтану сапасы мен санитарлық жағдайын бақылау.
3. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары туралы.

I. Тыңдалды:

Б.Нуржанова (бөбекжай әдіскері): Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстарын ұйымдастыру туралы баяндама жасады. Ата-аналар жиналыстарын өткізу, тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру, ата-аналармен кері байланысты нығайту, отбасы мен бөбекжай арасындағы серіктестікті дамыту бағытындағы жұмыстар туралы айтылды.

Сөз алғандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Н.К.Атанбузова ата-аналардың бөбекжай өміріне белсенді қатысуын арттыру және бірлескен іс-шараларды көбейту жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Шешімі:

1. Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Ата-аналардың тәрбиелік және мәдени іс-шараларға қатысуы жандандырылсын.
3. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату жұмыдары күшейтілсін.

II мен III. Тыңдалды:

Медбике және шаруашылық меңгерушісі: Балалардың тамақтану сапасы мен санитарлық жағдайы туралы хабарлама жасады. Ас мәзірінің талапқа сай ұйымдастырылуы, азық-

түлік сапасының бақылауда болуы, топтар мен ас блогындағы санитарлық талаптардың сақталуы жөнінде мәлімет берді.

Г.К.Мухамбеткалиева (бөбекжай меңгерушісі): Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары туралы баяндады. Қыс мезгілінде балалардың жарақат алмауы, сырғанақтардың қауіпсіздігі, аумақты қар мен мұздан тазарту, өрт қауіпсіздігі және жылыту жүйесінің талапқа сай жұмыс істеуі туралы айтып, өз пікірін білдірді.

Шешім:

1. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары күшейтілсін.
2. Бөбекжай аумағының қауіпсіздігі тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Өрт қауіпсіздігі мен санитарлық талаптардың сақталуы қамтамасыз етілсін.
4. Балалардың тамақтану сапасы тұрақты бақылауға алынсын.
5. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қадағалансын.
6. Азық-түлік сапасына бақылау күшейтілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Н.К.Атанбузова

Хатшы:

В.Д.Жалмухан

ХАТТАМА №3

«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өтілген күні: 14.05.2025 жыл

Қатысқандар:

Бөбекжай меңгерушісі: Г.К.Мухамбеткалиева

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Н.К.Атанбузова

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

А.Р.Рахимов

Ә.Н.Тлегенов

А.Н.Жумағалиева

А.Ж.Жеңісова

Ж.Е.Жумағалиева

М.А.Избасарова

Ә.Б.Мамешова

Б.Б.Жаксымбетова

С.А.Кушенова

Г.М.Ажмуратова

Күн тәртібі:

1. Білім беру процесінің сапасы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы.
2. Бөбекжай аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық мәселелері.
4. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы, меңгеруші есебі.

I. Тыңдалды:

Б.Нуржанова (бөбекжай әдіскері): Білім беру процесінің сапасы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы баяндама жасады. Оқу жылы барысында ұйымдастырылған оқу қызметтері, балалардың танымдық, шығармашылық және дене дамуы бойынша жетістіктері, мерекелік іс-шаралар мен байқауларға қатысу нәтижелері туралы ақпарат берілді. Балалардың жас ерекшелігіне сай білім мен тәрбие беру жұмыстарының сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені туралы айтылды.

II мен III. Тыңдалды:

Г.К.Мухамбеткалиева (бөбекжай меңгерушісі): Бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы хабарлама жасады. Бөбекжай ауласын көгалдандыру, гүл егу, ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сенбіліктер ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар, жазғы сауықтыру маусымына дайындық мәселелері туралы баяндады. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы ойындар, сауықтыру іс-шаралары, қауіпсіздік талаптарын сақтау, аумақты жазғы кезеңге дайындау жұмыстары туралы ақпарат берілді.

IV. Тыңдалды:

Н.К.Атанбузова (Қамқоршылық кеңесінің төрайымы): Оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы есеп берді.

Сонымен қатар бөбекжай меңгерушісі оқу жылы бойы атқарылған жұмыстар, материалдық-техникалық база, тәрбиелеу-білім беру процесі, қауіпсіздік және санитарлық жағдай бойынша есеп ұсынды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Меңгерушінің жылдық есебі назарға алынсын.
3. Алдағы оқу жылында қамқоршылық кеңес жұмысы жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Н.К.Атанбузова

Хатшы:



В.Д.Жалмухан